

«6D010300-педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін жазылған  
**Косшыгулова Алия Сериковнаның**  
«Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің

### ШКІРІ

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар тұрақсыздықпен, белгісіздікпен және жаһандық ауқымда да, әрбір жеке тұлғаға қатысты да үлкен тәуекелдермен ерекшеленеді, мұны университеттердің білім беру кеңістігінде ескеру қажет. Осыған байланысты жоғары білім студенттердің кәсіби білім, білік, дағдыларды игеруіне ғана емес, сонымен қатар оқудың және болашақ кәсіби іс-әрекеттің сәттілігін қамтамасыз ететін маңызды тұлғалық қасиеттердің қажетті деңгейін қалыптастыруға бағытталуы керек. Аталған мәселе А.С.Косшыгулованың диссертациясында зерттеледі, бұл студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын теориялық-эксперименттік тұрғыда жетілдіру болып табылады.

Диссертацияда «тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруы» ұғымын, сондай-ақ оған жақын ұғымдарды қарастырудың әртүрлі тәсілдемелерін талдау негізінде авторлық анықтама ұсынылған, соған сәйкес студенттің өзін-өзі ұйымдастыруы оның кәсіби-оқу іс-әрекетінің көптеген түрлерін тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін интегративтік тұлғалық қасиет ретінде қарастырылады, сонымен қатар құндылықты-мотивациялық, аффективті-еріктік, когнитивті-рефлексивтік және әрекеттік құрылымдық компоненттер анықталады.

Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру компоненттерінің даму деңгейлерін анықтауға арналған өлшемдердің толық жетілдірілуі мен негіздемесін атап өту маңызды. Зерттеу мәселесін теориялық тұрғыда жетілдіруге, студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың блоктарынан, қалыптасу кезеңдерінен және психологиялық-педагогикалық шарттарынан тұратын, докторант ұсынған модель маңызды үлес болды.

Ал, теориялық және әдістемелік негіздерді терең жетілдіру докторантқа психологиялық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық қалыптастырушы эксперимент құруға мүмкіндік берді (өзіндік рефлексияны дамыту, студенттер тобымен және оқытушымен бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру, студенттердің іс-әрекеттерін өзіндік ұйымдастыруын өзектендіретін оқыту формалары мен әдістерін біріктіру).

Диссертацияның құрылымы зерттеудің логикасын көрсетеді, кіріспені, үш бөлімді, қорытындыны, пайдаланылған әдеби дереккөздердің тізімін және қосымшаны қамтиды.

Докторант А.С.Косшыгулова өзінің алдына қойылған зерттеу мақсаттары мен міндеттерін сәтті орындап, дербестілік танытты. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін әртүрлі бағыттардағы студенттерді дайындау үшін қолдануға болады деп санаймын. Диссертацияның рәсімдеуі мен мазмұны бойынша ескертулер жоқ. Диссертацияның құрылымдық элементтері (негізгі бет, мазмұн, нормативтік сілтемелер, белгілер мен қысқартулар, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған дереккөздер тізімі және қосымшалар) шағым тудырмайды.

А.С.Косшыгулованың диссертациялық жұмысы теориялық және практикалық маңызға ие, ол ішкі бірлігі мен тұтастылығы бар аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертация жаңа ғылыми негізделген теориялық және эксперименттік нәтижелерді қамтыған ғылыми жұмыс ретінде бағаланылуы мүмкін, олардың жиынтығы мамандарды даярлау жүйесінде маңызды.

Жүргізілген зерттеу 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылған ұсыныстар мен талаптарға сай рәсімделген.

А.С.Косшыгулованың «Студенттердің оқу әрекетінің өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына жоғары айтылғандарды негізге ала отырып талаптарға сай жазылған, толығымен аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады және көпшілік алдында ашық қорғауға ұсынуға лайықты.

Шетелдік ғылыми кеңесші,  
Гази Университетінің PhD докторы  
Туркия (Анкара)

